

«№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ  
№ 6 педагогикалық кеңес хаттамасынан көшірме

31.05.2023ж  
Қатысқандар: 27

**Күн тәртібінде:**

1.2022-2023 оқу жылы бойынша педагог қызметкерлердің кәсіби жұмысының мониторингісі қорытындысы туралы

**Тыңдалды:** күн тәртібіндегі мәселе бойынша педагог қызметкерлердің кәсіби жұмысының мониторингісіне жауапты педагог-ұйымдастырушы Г.Т.Сағындықова сөз алды: 2022-2023 оқу жылында педагог қызметкерлердің кәсіби жұмысының мониторингісі қорытындысымен таныстырды. Педагогтардың ғылыми әдістемелік жұмыстары бойынша мониторинг қорытындысына тоқталып, жоғары балл жинаған педагогтарды атап өтті. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің м.а. 2013 жылғы 08 тамыздағы № 324 бұйрығы негізінде марапатталатын педагогтердің тізімін ұсынды.

Калманова Жадыра Елубаевна - білімі жоғары, бастауыш сынып мұғалімі мамандығы бойынша Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік педагогикалық институтын аяқтаған. Қазіргі таңда, «№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ де педагог сарапшы, бастауыш сынып мұғалімі. Жиырма жыл он ай еңбек өтілі бар педагог жетісіктері төмендегідей: Ақтөбе облыстық ғылыми-тәжірибелік орталығынан Бастауыш сынып мұғалімдері арасында өткен облыстық педагогикалық олимпиадаға қатысқаны үшін Алғыс хатпен, «ORLEU» БАҰО «Заманауи педагог» атты облыстық олимпиада нәтижесі бойынша 3 дәрежелі дипломмен, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сүйене отырып, "Mahataev.kz" Мұқағали әлемі білім порталы ұйымдастырған қараша айындағы Республикалық "Мақатаев оқулары" конкурсына жеңімпаз тәрбиелеп, белсенділік танытқан үшін Алғыс хатпен, "Самғау.kz" Республикалық ғылыми-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы қарсаңында өткен "Ахмет Байтұрсынұлы - халық ұстазы" атты Республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциясына қатысқаны үшін 1 дәрежелі Дипломмен, ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде тіркелген Халықаралық «Altyn bilim kilty» журналының редакторы: А.А.Альжановадан 25- қазан Республика күніне байланысты Ғылым мен білім саласының дамуына үлес қосу мақсатында сіздер мен біздің ұжым арасындағы мәдени-рухани ынтымақтастығымыз бұдан ары да жалғаса беретіне сенім білдіріп Алғыс хатпен, Халықаралық «Altyn bilim kilty» әдістемелік ғылыми-зерттеу орталығынан төл мереке ұстаздар күнімен құттықтау Алғыс хатымен,



Халықаралық "Өрлеу-өркендеу" ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Үдік педагог» байқауына қатысып, "Үдік педагог" екенін үздік жұмысымен дәлелдеп, I дәрежелі дипломмен марапатталды.

Оқушыларының жетістіктеріне тоқталатын болсам, Жалпы білім беретін пәндер бойынша I Республикалық "SAPSAN" олимпиадасының қалалық кезеңіне қатысып, 1 және 2 орын иеленген және қатысқаны үшін сертификатпен, Республикалық "Зерде" байқауының қалалық кезеңінен белсенді қатысып, химия, биология секциясы бойынша үздік білім танытқан 2 сынып оқушысы Сағынбаев Әміржан Алғыс хатпен, Ақтөбе қаласы, «Геолог» мәдениет үйі директорының ұйымдастыруымен Ақтөбе облысынан шыққан ақындарымызды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған V «Жерлестер жаңғырығы» поэзия байқауына қатысып, Наурызова Айару "Талап" номинациясын, «Күз береке, күз мереке" Республикалық шығармашылық байқауының жеңімпазы көркем сөз оқудан Дүйсенбай Амина I дәрежелі Дипломға, Республикалық "Мақатаев оқулары" конкурсына қатысып, жүлделі II орынға ие болғаны үшін Құрманбеков Дәулет диплом және сертификатпен, "Дарын" Республикалық Ғылыми-практикалық орталығы Жалпы білім беретін мектептерге арналған "АҚБОТА" зияткерлік олимпиадасының жеңімпаздары 1,2,3 дәрежелі дипломдармен бірнеше оқушысы марапатталды, "Кенгуру математика барлығы үшін" интеллектуалдық ойын-конкурсының жеңімпаз оқушылары 1,2,3 дәрежелі дипломдармен және сертификаттар иеленді. Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткізілген «Жас зерттеуші» атты оқушылар, жоғары және орта білім алушылар арасында өткізілген ғылыми жоба байқауына қатысып, Сағынбаев Әміржан Радикұлы I дәрежелі дипломмен марапатталды.

### Шешім:

«№48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ-нің бастауыш сынып мұғалімі Калманова Жадыра Елубаевна Ақтөбе облысының білім басқармасының «Алғыс хатына» ұсынылсын.

Педагогикалық кеңес төрағасы,  
Хатшы:



К.К.Абуова  
Г.Ж.Есенова